

## **"Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 19 қаңтар N 2000. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.15. N 350 Заңымен. ~ Z990350

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z931000\_ жарияланған кезден бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- "Қазақстан Республикасындағы құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқауды", "Қазақстан Республикасындағы ақпараттың құпиялылық дәрежесін анықтау және белгілеу тәртібі туралы ережені", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мағлұматтар Тізбесін", "Қазақстан Республикасындағы құпияландыруға жататын мағлұматтар тізбелерін", "Қазақстан Республикасының айрықша режимді, айрықша маңызды және режимді объектілерінің тізбесін" әзірлесін және бекітсін;

- мемлекеттік құпияларға жіберілетін қызметкерлердің санын қысқарту, режимді-құпиялы және жұмылдыру органдарын, бірінші және екінші бөлімдерді, сондай-ақ мекемелердегі, кәсіпорындардағы және ұйымдардағы мемлекеттік құпиялармен байланысты емес арнаулы бөлімдерді жою жөніндегі шараларды жүзеге асырсын;

- мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі жұмыстарды және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссияның жұмысын қаржы және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы" Заңына сәйкес келтіретін болсын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК